

Майсыздандырылған сүтті 8-10 минут ұстап тұру арқылы 80 ± 2 °C температурада пастеризациялайды, содан кейін 27-29 °C қа дейін салқындатады, қоспаның массасынан 4-5% мөлшерде алынған ақуыз сарысу концентратымен (Тернер бойынша 90-100⁰), бактериялы ашытқымен араластырады. Қоспаны 20-30 минут жақсылап араластырады, 4-5 сағатқа 18-20 °C температурада ашутылуға қалдырады. Ашу процессінің аяқталғанын активті қышқылдылық 4,0-4,2 рН бірлігіне жеткенінен анықтайды. Ашқан қоспаға желатиннің коллоидты ертіндісін, қант, гомогенизирленген құрма массасын ендіреді және 20-30 минут араластырады. Дайын қоспаны 30-35 минут ұстап тұрады, 8 °C температураға дейін салқындатады және қорапқа салады.

Берілген үлгіге сәйкес сынамалар жүргізілді және нәтижелері 1 кестеде көрсетілді.

1-кесте. Сүтті-жемісті десерт алу бойынша алынған сынама нәтижесі, кг

№ п/п	Үлгілер	Майсыздандырылған сүт	Ақуыз сарысуы концентраты	Бактериальды ашытқы	Желатин	Қант	Гомогенизирленген құрма массасы
1	Нұсқа 1	2,3	0,90	0,0054	0,14	0,560	2,64
2	Нұсқа 1	2,34	0,94	0,0066	0,14	0,567	2,67
3	Нұсқа 1	2,37	0,97	0,0073	0,14	0,573	2,67
4	Нұсқа 1	2,40	1,0	0,0080	0,15	0,580	2,74
5	Нұсқа 1	2,44	1,06	0,0086	0,16	0,600	2,80
6	Орташа мәні	2,34-2,40	0,94-1,0	0,0066-0,0080	0,14-0,15	0,567-0,580	2,67-2,74

Қорыта келе, ұсынылып отырған әдіс тағамдық құндылығы, дәмділік артықшылығы және сапасы арттырылған, өзіндік құны төмендетілген сүтті-жемісті десерт алуға мүмкіндік береді.

1 Султанбекова П.С., Сапарбекова А.А., Шакиров Б.С. New products on the basis of dairy whey. / Сбор.матер.межд.научн.практ.конф. «Повышение конкурентоспособности сельскохозяйственного производства Казахстана: проблемы, пути решения». - Алматы, 2007. -С.206

2 Иновац. пат. РК 204760. Способ получения молочно-фруктового десерта. /Шакиров Б.С., Налеев О.Н., Сапарбекова А.А., Султанбекова П.С., Эм В.Г. - 25.09.2008

Получение концентрата сывороточных белков для обогащения молочно-фруктового десерта основано на мембранном методе обработки, а именно – ультрафильтрации. Для решения задачи по производству структурированных десертных продуктов с использованием концентрата сывороточных белков и фруктового наполнителя были проведены исследования по получению молочно-фруктового десерта с улучшением пищевой и биологической ценности и снижением его себестоимости

Reception concentrate of whey protein for enrichment of a dairy-fruit dessert is based on membrane method – ultrafiltrations. For decision the problem of manufacture of the structured dessert products with concentrate whey protein and fruit addition researches on reception of a dairy-fruit dessert with improvement of food and biological value and decrease its cost price have been carried out.

ӨОЖ 619. 614. 31. 637. 636.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ІРІ ҚАРА АРАСЫНДА ЭХИНОКОККОЗДЫҢ ТАРАЛУЫ

Қырықбайұлы С., Жұмагелдиев А., Төлепова Қ.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

«Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу –Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында Елбасы Н.Ә. Назарбаев ауыл шаруашылық өндірістік кешенін дамытуға, еңбек

өнімділігін арттыру арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерін төрт есеге жуық жоғарлатуға көңіл бөлінетіндігін айтып жеткізді.

Халықты сапалы, биологиялық құндылығы жоғары тағамдық өнімдермен қамтамасыз ету, мемлекеттің алдында тұрған аса жауапты міндеттердің бірі. Осы міндеттерді орындау барысында, атқарылып жатқан іс-шаралар да аз емес. Ол мал басының артуы, ет, сүт, жүн т.б өнімдерінің, шикізаттарының сапасының жоғарылауы және т.б. Сонымен қатар мал арасында инвазиялық аурулар да азаяр емес. Атап айтатын болсақ, эхинококкоз ауруы шаруаға да, шаруашылыққа да әсерін тигізуде.[1]

Эхинококкоз – жануарлар арасында кең тараған инвазиялық ауру. Осы аурудан болатын зардап малдың өнімділігіне, дамуының және өсуінің төмендеуіне, соның ішінде ет шығымын төмендетіп, оның биологиялық құндылығына әсерін тигізеді. Ауылшаруашылық жануарларының осы аурумен зақымдануына жайылым, мал қоралары және азық сақтау орындарында ауру таратушы еткөректілердің бақылаусыз жүруімен, сонымен қатар арнайы жабдықталған мал сою кәсіпорындарының жеткіліксіздігі, яғни малды ветеринариялық бақылаусыз сою, зақымдалған ағзаларын зарарсыздандырмай сыртқы ортаға тастай салуымен тікелей байланысты деп қарастырылады. Қазіргі кезде мал сою орындарының жетіспеушілігі, малды үй жағдайында сою, ветеринариялық-санитариялық шараларды толық сақтамау аурудың көптеп таралуына үлкен әсерін тигізуде. Эхинококкозға шалдыққан малда аурудың клиникалық белгілері, сипаты көп жағдайда уақытылы байқалмайды, сондықтан да шаруашылық жағдайында бақылау біршама қиын.[2]

Зерттеудің әдістері мен тәсілдері

Біз зерттеуімізді «Алтын» орда және «Тастақ» базарларында жүргіздік. Онда біздің зерттегеніміздей эхинококкоз Алматы, Талдықорған, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстанда облыстарында кең таралған. Бұл өңір республика жер көлемінің 34,3% қамтиды. Онда малдың 53,4 % өсіріліп, халықтың 42,9% тұрады. Соңғы мәліметтер бойынша осы өңірлерде эхинококкозбен ірі қараның 25,5%, қойдың 48,7%, малшы иттерінің 17,4% зақымдалғаны әдебиеттерде көп кездеседі.[3,4]

Ірі қара сойыс өнімінде осы гельминттің әсерінен болатын өзгерістер жиі ұшырасады. Оны зерттеу үшін Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ, Қарасай, Жамбыл аудандарында 2007, 2008, 2009-шы жылдары «Алын орда» және «Тастақ» базарына сатылуға әкелінген сиыр ұшаларының эхинококкозбен зақымдануын анықтау үшін арнайы зерттеулер жүргізілді. Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ, Қарасай, Жамбыл аудандарында 2007 жылы барлығы 1846 сиыр ұшасы мен сойыс өнімдері, ал 2008 жылы барлығы 2493, 2009 жылы барлығы 3188 сиыр ұшасы мен сойыс өнімдері тексерілді. (кесте).

Кесте. Ірі қара ұшасының эхинококкозбен зақымдануы.

Жыл	Аудандар	Ұша саны	Эхинококкозбен зақымдалған	Пайызбен есептегенде
2007	Талғар ауданы	538	43	7,94%
	Іле ауданы	300	27	9%
	Еңбекшіқазақ ауданы	288	4	1,38%
	Қарасай	400	10	2,5%
	Жамбыл	320	6	1,87%
	Барлығы	1846	90	4,5%
2008	Талғар ауданы	966	48	4,9%
	Ілі ауданы	240	4	1,6%
	Еңбекшіқазақ ауданы	509	10	1,96%
	Қарасай	509	5	0,98%
	Жамбыл	269	3	1,11%
	Барлығы	2493	70	2,11%
2009	Талғар ауданы	566	52	9,18%
	Ілі ауданы	378	34	8,9%
	Еңбекшіқазақ ауданы	573	41	7,15%
	Қарасай	1036	15	1,44%
	Жамбыл	635	5	0,78%
	Барлығы	3188	147	5,49%

Зерттеудің нәтижесі

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей 2007 жылы зерттелген 1846 ірі қара малының 90-і эхинококкозға шалдыққаны анықталды. Эхинококкозға шалдығу деңгейі 4,87% құрады. 2008

жылы зерттелген 2493 ірі қара малының 70-і эхинококкозға шалдыққан, пайызбен есептегенде 2,8%, ал 2009 жылғы зерттелген 3188 ірі қара малының 147-сі шалдыққан, пайызбен есептегенде 4,6% құрады.

Аурудың клиникалық белгілері, сипаты уақытылы байқалмағандықтан және біздің зерттеулер базардың ветеринариялық санитариялық сараптау зертханасында жүргізілгендіктен тексерудің терең деңгейі Алматы облысының кейбір аудандарында ғана жүргізіледі. Зерттеуіміздің нәтижесі көрсеткендей малдарда эхинококкоз ауруы жыл бойы барлық мезгілде байқалады. Жалпы алғанда базарға түскен сиыр етінің эхинококкозбен зақымдану жоғарлығы арнайы шараларды жүргізу қажет екенін көрсетеді.

Базар ветеринариялық санитариялық сараптау зертханасында жүргізілген зерттеу бойынша эхинококкозға шалдығу 2007 жылы 1,38-9% (орташа 4,53%), 2008 жылы 0,98-4,9% (орташа 2,11%), ал 2009 жылы 0,78-9,18% (орташа 5,61%) аралығында болды.

1. Акбаев М.Ш. «Паразитология и инвазионные болезни животных». - М.: Колос, 2002. - С. 133.

2. Ордабеков. С. «Эхинококкоз» Жылауық құрт. Денсаулық, 2003 166

3. Қибасов М., Кереев Я.М. Эхинококкоз аса қауіпті ауру // Жаршы №1. «Бастау». Алматы, 2002. 17-19 б.

4. Шалменов М.Ш. Ларвальды цестодоздардың алдын алу шаралары. Жаршы. №2. Бастау. Алматы, 2006. 14-17б

* * *

Наши исследования, проведенные в условиях лаборатории ветеринарно-санитарной экспертизы показали определенный рост инвазированности КРС, в частности за 2007 год по эхинококкозу этот показатель составил от 1,38 до 9% (в среднем 4,87%), в 2008 году от 0,78 до 9,18% (в среднем 4,6%), 2009 году от 0,98 до 4,9% (в среднем 2,8%).

In this article build laboratory veterinary – sanitary consultant investigation show definite growth sheep, particular behind 2007 year on echinococcosis oscillation limit 1,38-9% (middle 4,87%), 2008 year on echinococcosis oscillation limit 0,78 - 9,18% (middle 4,6%), 2009 year on echinococcosis oscillation limit 0,98-4,9% (middle 2,8%).

УДК 636

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЗЕЛЕНОВ АУДАНЫНДАҒЫ 8640 БАС МҮЙІЗДІ ІРІ ҚАРАНЫ БОРДАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН «КРОУН БАТЫС» ЖШС ПРОЕКТИ

Медеубеков К.У., Бейсембай (Исаева) Г.С.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

«Кроун Батыс» ЖШС біріккен кәсіпорны Зеленов ауданының Янайкино ауылында 8640 бас мүйізді ірі қараны қамтитын бордақылау кешенінің құрылысын жоспарлайды.

Кешеннің құрамдас бөліктері: құрама азық зауыты, дән қоймасы, мал қора-жайлары, мал сою және бөлшектеу (жіліктеу) цехтары, ет сақталатын тоңазытқышты камералар, қалдықтарды өңдеу және тазалықты қамтамасыз етуге арналған қондырғылар жүйесі.

Жобаның жүзеге асырылуы 8 айдан 15-18 айға дейінгі таналарды қарқынды өсіру мен бордақылауды жолға қойып, өңдеу кәсіпорындарын жоғары сапалы шикізатпен, 118 адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

Жобаның жалпы құны – 2,5 млрд. теңге.

Қаржы көздері: «Мал өнімдері корпорациясы» АҚ арқылы «ҚазАгро» АҚ-ға құрал-жабдықтарды лизингке алу үшін 1977,0 млн., айналым қаржысын толықтыру үшін 198 млн. теңге бөлініп отыр.

Қосалқы құрылтайшы - «Сгоун Батыс» компаниясы 723 млн. теңге қаржы қосады.

Шығындардың өтелу мерзімі – 7 жыл.

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы Янайкино ауылындағы «Сгоун Батыс» бордақылау алаңының жобалық қуаты бір мезгілде қазақтың ақбас сиырларының 8,6 мың бас төлін бордақылауға есептелген. Етті бағыттағы мүйізді ірі қара шаруашылығына ұсынылатын, жеңіл